

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;</p> <p>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;</p> <p>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</p> <p><b>Секіру.</b> Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p>

		<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b>  Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;</li> <li>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;</li> <li>- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;</li> <li>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;</li> <li>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың,</p>

		<p>сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b>  Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.  Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;</li> <li>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;</li> <li>- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;</li> <li>- кітаптарға қызығушылықты дамыту;</li> <li>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен</li> </ul>

		<p>таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
	Сенсорика	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;</li> <li>- қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.</li> </ul> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;</li> <li>- аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;</li> <li>- өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;</li> <li>- отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;</li> <li>- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;</li> <li>- табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;</li> <li>- өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;</li> <li>- табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау).</li> <li>- құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.</li> </ul>

		<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b> Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b> Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
	Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету;</li> <li>- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</li> <li>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;</li> <li>- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.</li> </ul>

	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</li> <li>- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</li> <li>- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.</li> </ul> <p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</li> <li>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу;</li> <li>- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.</li> </ul>
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</li> <li>- желімсіз жапсыру техникасын игеру;</li> <li>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу;</li> </ul>

		<p>- өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.</p> <p>Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.</p>
	Музыка	<p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b> Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p><b>Ән тыңдау.</b> Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>